

# Құқық әлеуметтануының пайда болуының тарихи және ғылыми алғышарттары.

*1. Құқық әлеуметтануының пайда болуының тарихи алғышарттары.*

*2. Әлеуметтанудың негізін қалаушылардың құқық әлеуметтануының қалыптасуындағы маңызы.*

*3. Классикалық құқық әлеуметтануы.*


# Құқық әлеуметтануының негізін қалаушылар:




Э. Дюркгейм



М. Вебер



Италия криминалісі және саяси қайраткер




*Э Ферри: «Қылмыстық әлеуметтану- әлеуметтанудың саласы ал қылмыстық құқық қылмыстық әлеуметтанудың бөлімі».*

*Э.Ферри бойынша қылмыс үш фактормен сипатталады және анықталады:*

- антропологиялық,
- физикалық (физикалық орта),
- әлеуметтік.


Соңғысына: «қоюлық» (тұрғындардың тығыздығы), қоғамдық пікір, нравы және дін, маскүнемдік, өнеркәсіп жағдайы, экономикалық және саяси құрылыс, әкімшілік органдарының құрылысы, әділет, жалпы заң шығару үрдісі, азаматтық және қылмыстық.

Белгілі бір қылмыстар саны белгілі бір қоғамдық ортада және белгілі бір физикалық индивидуалдық жағдайларда жасалады».



Оның пікірінше: «қылмыс қоғамның ажырамас серігі.оны толық жою мүмкін емес, бірақ оның таралуын біршама тежеуге болады. Өмір күрес және де бұл күрес адал және экономикалық қызмет негізінде де, және қылмыстық жолмен жүруі мүмкін». Қылмыстың өсуі заңдылық екенін дәлелдеуге тырысқан - Өлім жазасына қарсы. «Жазаның қаталдығы қылмыс көрсеткішін ешқашан да төмендетуге әкелген емес» – дейді.

Әлеуметтанудың психологиялық бағытының көрнекті өкілі *Габриэль Тард*. «қоғам-еліктеу», а право – «адамның еліктеуге бейімділігінің бір түрі». Қоғам дамуын ол дарынды адамдардың жаңалық ашуы, ал бұқара сол жаңалықты еліктеу арқылы бекітіп таратады да жаңалық әлеуметтік өмірдің қалыпты көрінісіне айналуымен байланыстырады. Г. Тард қылмысты адамдардың әлеуметтік ұйымдасуымен байланысты деп санайды. «Оның пайда болуы тарихи, оны түсіндіру әлеуметтік».



## Г. Тард еңбектерінде тобырды белсенділігі мен енжарлығының деңгейіне қарай ажыратады:


- Күтушілер – театрда көрсетілімді, шешімді, көлікті немесе бір өте жоғары лауазымды адамды;
- Назар аударушылар – трибунада тұрған шешеннің жанында, кафедра жанында профессор маңындағы;
- манифестшілер (енжар және белсенді топтың арасындағылар) - демонстрациялар, митингтер, манифестациялар;
- әрекет жасаушылар – олардың екі түрін көрсетеді: «жақсы ниеттегі» тобыр (карнавалдар, мерекелер, бұқаралық көңіл көтерулер)
- «жек көрушілер» (қоғамға қарсы әрекеттер көрінісімен сипатталады, ашу ыза кернеген, күш көрсетуге, қырып жою, мбүлдіруге ниетті). Соңғысын Г.Тард – «әділдік үшін» қылмыс жасаушы тобыр деп көрсетеді. [Мысал келтіріңдер.](#)

Г.Тард: «Кез келген заңды саяси мүдде негізінде билеушілер немесе парламент қабылдайды. Басында ол сыртқы мәжбүрлеуші күш ретінде қабылданады. Онымен тек билік бекіткендіктен санасады. Кейін уақыт өте келе оған бағыну дағдыға айналады. Міне, осы сәттен бастап ол ішкі қосалқы күшке айналады. Құқық адамдар үшін тек қана адамдар қабылдағанда, яғни оны іштей қажетті деп санағанда ғана маңызды. Қоғамның негізі – құқық пен міндеттің дұрыс бөлінуінде» - деген қорытынды жасайды.



## *Э. Дюркгейм:*

1. Еңбек бөлінісінің әлеуметтік ынтымақтастықты қалыптастырудағы рөлін құқықпен байланыстырады.
2. Құқық, заң ережелерін басқа да әлеуметтік құбылыстар мен институттар тәрізді әлеуметтік орта қалыптастырады. Сондықтан ол ортаның жағдайын бейнелейді.
3. Тек қана құқық қоғам дамуының, әлеуметтік ынтымақтастықтың деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.





Дюркгеймнің пікірінше: «қоғамдық өмір қашанда ұйымдасуға, белгілі бір түрге келуге тырысады.

Құқық әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың ең тұрақты және нақты түрі болып табылады».

Ол құқықтың екі түрін ажыратады:

- *Репрессивтік құқық;*
- *Реститутивтік құқық*

*Репрессивтік құқық* - механикалық ынтымақтастыққа негізделген, ұжымдық сана кеңінен тараған, даралық дамымаған қоғамға тән. Ұжымдық сананың ықпалы қаншалықты мықты болса қылмысты деп саналатын адамдар актісі де соншалықты көп болады.

*Реститутивтік құқық – жазалауға емес, әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған.*

*Ол дамыған еңбек бөлінісі, дамыған даралық, қоғаммен бірлікті мықты сезінетін органикалық ынтымақтастық орын алған қоғамға тән. Бұл қоғам индивидтер кооперациясын ұйымдастыратын құқыққа өте мұқтаж болады.*

Ынтымақтастықтың бірінші түрпаты – **механикалық**  
**-(репрессивтік құқық) - қылмыстық құқықпен,**  
ал екіншісі – **органикалық - (реститутивтік құқық) –**  
**азаматтық, коммерциялық, процессуалдық, әкімшілдік,**  
**конституциялық құқықпен бейнеленеді.**

**Адамзат тарихында құқықтардың арасалмағы соңғысына қарай ауысуда.**

**Э. Дюркгейм құқықты әлеуметтанулық тұрғыда - әлеуметтік құбылыс, қоғамның қызметі ретінде және дамып, өзгеріп отыратын құбылыс ретінде қарастырады.**